



Ақпарат пен энергия тоғысқан мекен: Заманауи мамандықтар - жастар болашағының негізі

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Ақпараттық технологиялар және энергетика» жоғары мектебі түлектерге сенімді болашақ сыйлайды. Ақпараттық технологиялар мен энергетика – ХХІ ғасыр мамандарының таңдауы.

Мектеп бітіріп, үлкен өмірге қадам басқалы тұрған әрбір түлек үшін маңызды шешім – ол болашақ мамандығын таңдау. Бұл шешім тек оқу орнын емес, болашақ өмір жолын, кәсіби мансап пен әлеуметтік орнынды анықтайды. Сондықтан бұл таңдауда қателеспей – әрбір жастың басты жауапкершілігі. Бүгінде еңбек нарығы үздіксіз өзгеруде, жаңа технологиялар мен цифрлық трансформация дәуірінде мамандықтар да жаңарып жатыр. Осы өзгерістерге ілесіп, бәсекеге қабілетті маман болғысы келетін талапкерлер үшін сенімді әрі сапалы білім беретін оқу орны – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Ақпараттық технологиялар және энергетика» жоғары мектебі. Жоғары мектептің басты мақсаты – еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған мамандарды даярлау. Мұнда оқыту үдерісі теория мен практиканың үйлесімділігіне негізделген. Студенттер заманауи зертханаларда, инновациялық оқу орталықтарында білімін жетілдіреді. Сонымен қатар, шетелдік серіктес университеттермен бірлескен жобалар мен академиялық алмасу бағдарламалары да кеңінен жолға қойылған. Жоғары мектеп заман талабына сай заманауи оқу бағдарламаларын ұсынып, ақпараттық технологиялар мен энергетика саласында жоғары сұранысқа ие мамандарды даярлауда;

6B06120 – Ақпараттық жүйелер- бұл мамандық цифрлық технологиялар, бағдарламалау, мәліметтер қоры, желілік қауіпсіздік сияқты бағыттарды қамтиды. Бітірген түлектер ІТ-маманы, жүйелік әкімші, деректер талдаушысы, веб-әзірлеуші секілді лауазымдарда жұмыс істей алады. 6B06130 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету- Бағдарламалау тілдерін меңгеріп, қолданбалы және жүйелік бағдарламалар жасауды үйрететін бұл бағыт – қазіргі нарықтағы ең сұранысқа ие мамандықтардың бірі. 6B07150 – Электро-энергетика- энергетикалық жүйелерді жобалау, жаңартылатын энергия көздері, электр станцияларын басқару бағытында терең білім беріледі. Бітірген түлектер электр энергетикасы саласында түрлі мекемелерде табысты қызмет атқара алады. 6B07110 – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар- байланыс технологиялары, радиожиілік жүйелері, телекоммуникациялық құрылғылар бойынша заманауи білім беретін бағдарлама. Бұл бағыттың түлектері телекоммуникациялық компаниялар мен өндірістік кәсіпорындарда сұранысқа ие. 6B06210 – Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері- Киберқауіпсіздік, деректерді қорғау, ақпараттық жүйелерді қорғау бойынша жоғары кәсіби даярлық жүргізіледі. Бұл салада жұмыс істеу – қазіргі заманның ең өзекті және маңызды бағыттарының бірі. 6B06140 – Модельдеу және мәліметтерді талдау- жасанды интеллект, бизнес-аналитика салаларында терең білім беру. Мамандық деректер ғылымы мен модельдеу бағытында жұмыс істегісі келетін жастар үшін таптырмас мүмкіндік.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Ақпараттық технологиялар және энергетика» жоғары мектебі – сенімді білім, тұрақты мансап, табысты болашақ көпірі! Сен де болашағыңды бүгін таңда! Ақпараттық технологиялар мен энергетика саласында өз орныңды тап!

**А. Кудасбекова, М. Байдабекова,
«Техникалық мамандықтар бойынша
шет тілдері»
кафедрасының аға оқытушылары**